

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп – интернат - колледжі» республикалық мемлекеттік мекемесінің директорының
2017 жылғы «14» маусымдағы № 01-03/80 бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Қажымұқан
Мұңайтпасов атындағы олимпиада резервінің республикалық
мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» республикалық
мемлекеттік мекемесіне 2017 – 2018 оқу жылына 7-11 сыныптарына
оқушы-спортшыларды қабылдау
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» республикалық мемлекеттік мекемесіне 2017 - 2018 оқу жылына 7-11 сыныптарына оқушы – спортшыларды қабылдау (одан әрі – Ереже), Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 19 қаңтардағы № 127 Қаулысымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт Министрінің 2014 жылғы 03 қарашадағы № 69 бұйрығымен бекітілген Олимпиадалық резервтің республикалық мамандандырылған мектеп-интернаттар-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттар қызметінің қағидаларына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 43 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп - интернат-колледжі» республикалық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы негізінде әзірленді.

2. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Қажымұқан Мұңайтпасов

атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» республикалық мемлекеттік мекемесіне (одан әрі – Мекеме немесе Қ. Мұңайтпасов ат. ОРРММИК) 2017 – 2018 оқу жылына арналған 7-11 сыныптарына оқушы-спортшыларын қабылдау тәртібін белгілейді.

2. Қ. Мұңайтпасов ат. ОРРММИК оқушы-спортшыларды қабылдау және қабылдау емтихандарын өткізу тәртібі

3. Мекемеге қабылдау конкурстық негізде балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде немесе облыстық спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарда алдын ала дайындықтан өткен және таңдап алынған спорт түрі бойынша Қ. Мұңайтпасов ат. ОРРММИК директордың 2017 жылғы 14 маусымдағы № 01-03/76 бұйрығымен бекітілген 2017-2018 оқу жылына жас ерекшеліктеріне байланысты 7-11 сыныптар талапкерлерінен жалпы дене дайындығы мен арнайы дене дайындығы бойынша қабылдау және оқушы – спортшыларды топтан топқа ауыстыру нормативтерінен емтихан тапсырған оқушы – спортшылар арасында жүргізіледі.

4. Қ. Мұңайтпасов ат. ОРРММИК спорт түрлерінің тізбесі Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт Министрінің 2014 жылғы 03 қарашадағы № 69 бұйрығымен бекітілген Олимпиадалық резервтің республикалық мамандандырылған мектеп-интернаттар-колледждерінің және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттарының сыныптарын жинақтау үшін спорттық дайындық бойынша нормативтік талаптары бойынша және Қ. Мұңайтпасов ат. ОРРММИК оқушылар контингенті дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша Мекеме директорымен бекітіледі.

5. Қ. Мұңайтпасов ат. ОРРММИК қабылдау келесі олимпиадалық спорт түрлері бойынша жүргізіледі:

- 1) Ауыр атлетика;
- 2) Байдарка және каноэда ескек есу;
- 3) Баскетбол;
- 4) Бокс (ерлер/әйелдер);
- 5) Грек-рим күресі;
- 6) Дзюдо;
- 7) Еркін және әйелдер күресі;
- 8) Жеңіл атлетика;
- 9) Жүзу;
- 10) Конькимен жүгіру;
- 11) Көркем гимнастика;
- 12) Қыздар футболы;
- 13) Мәнерлеп сырғанау;
- 14) Су добы;
- 15) Таеквондо;
- 16) Тректегі велоспорт;

17) Шосседегі велоспорт;

18) Шорт-трек.

6. Мекемеге оқушыларды қабылдау үшін қабылдау комиссиясы құрылады. Оның жеке құрамын Мекеме директоры бекітеді.

Қабылдау комиссиясының құрамы спорт түрлері бойынша мемлекеттік жаттықтырушылардың қатысуымен комиссия төрағасы, мүшелері, комиссия хатшысынан құрылады.

7. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар, Қазақстан Республикасында білім алуға және осы Ереженің талаптарына сәйкес Қ. Мұңайтпасов ат. ОРММИК құрамына конкурстық негізде түсуге құқығы бар.

8. Қ. Мұңайтпасов ат. ОРММИК өтініштерді қабылдау **ағымдағы жылғы 21-23 тамыз** аралығында жүзеге асырылады.

9. Конкурстық негізде осы Ереженің талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасына отбасына қосылу мақсатында келген шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей негізгі орта және жалпы орта білім алуға құқығы бар.

10. Қ. Мұңайтпасов ат. ОРММИК оқуға түсетін оқушылар келесі құжаттар тапсырады:

1) ата-анасынан немесе заңды өкілдерінен өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат түпнұсқасы және көшірмесі (жеке куәлік немесе туу туралы куәлік);

Оқуға түсетін оқушының жеке басын куәландыратын құжаттарын оқушының өзі, ата-анасы немесе заңды өкілдері тапсырады;

3) жеке сәйкестендірілген нөмірінің болуы туралы құжат (ЖСН) көшірмесі;

4) флюросуретімен қоса 086/у нысаны бойынша медициналық анықтама;

3) 026 нысана бойынша бала денсаулығы паспорты;

4) 063/у нысаны бойынша егілу кітапшасының көшірмесі;

5) медициналық қорытындысымен жүректің ультрадыбыстық зерттеу нәтижесі (УДЗ);

6) медициналық қорытындысымен бүйректің ультрадыбыстық зерттеу нәтижесі (УДЗ);

7) медициналық қорытындысымен ішкі қуыс органдарының ультрадыбыстық зерттеу нәтижесі (УДЗ);

8) медициналық қорытындысымен электрокардиограмма (ЭКГ);

9) медициналық қорытындысымен электроэнцефалограмма (ЭЭГ) – бокс бөлімшесіне түсушілер үшін;

10) медициналық қорытындысымен бас миының магнитті резонансты томографиясы (МРТ) - бокс бөлімшесіне түсушілер үшін;

11) эпидемиологиялық орта туралы анықтама;

12) қанның жалпы талдауы (мерзімі 10 күнге дейін);

13) зәрдің жалпы талдауы (мерзімі 10 күнге дейін);

14) фтизиатр – дәрігерден анықтамасы - Манту тұрақты түрде оң реакция көрсеткен жағдайда;

15) эндокринолог – дәрігерден медициналық қорытындысымен анықтама;

16) стоматолог – дәрігерден медициналық қорытындысымен тістердің санациясы өткізу туралы анықтамасы;

17) «Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері», «Қазақстан Республикасының спорт шебері» спорттық атақтары туралы куәлігінің түпнұсқасы және көшірмесі, «Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне кандидат», «1 разрядты спортшы», «2 разрядты спортшы», «3 разрядты спортшы», «1 жасөспірім разрядты спортшы», «2 жасөспірім разрядты спортшы», «3 жасөспірім разрядты спортшы», спорттық разрядтарын беру туралы куәлігінің түпнұсқасы және көшірмесі (болған жағдайда);

17) спортшының жеке картасы;

18) спорттық жарыстарда марапаттау туралы диплом, грамота көшірмелері (болған жағдайда);

19) көлемі 3x4 фото сурет – 6 дана;

20) мекенжай анықтамасы;

21) мұқаба тігетін папка, құжаттар салынатын файлдар.

11. Қ. Мұңайтпасов ат. ОРРММИК оқуға түсушілер жалпы дене дайындығы және арнайы дене дайындығы бойынша шығармашылық емтихандарды тапсырады.

12. Қазақстан Республикасының чемпиондары, әлем, Азия чемпионаттарының, Олимпиада және Азия ойындарының, жасөспірімдер арасында Олимпиада ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлері Қ. Мұңайтпасов ат. ОРРММИК әңгімелесу нәтижесі бойынша қабылданады.

13. Қ. Мұңайтпасов ат. ОРРММИК оқуға түсуге арналған емтихандар екі кезеңнен тұрады:

– **1 кезең:** жалпы дене дайындығы бойынша емтихан **ағымдағы жылдың 24 тамызында** «Жас – батыр» спорт кешенінің (Астана қ., Конституция көшесі, № 3 үй) базасында өткізіледі;

– **2 кезең:** арнайы дене дайындығы бойынша емтихан **ағымдағы жылдың 25 тамызында** танданған спорт түрлері бойынша Астана қаласының спорттық кешендер базаларында және «Жас – батыр» спорт кешенінде өткізіледі.

3. Оқушыларды Қ. Мұңайтпасов ат. ОРРММИК құрамына енгізу тәртібі

14. Қ. Мұңайтпасов ат. ОРРММИК 7-11 сыныптарына оқушыларды конкурстық негізде қабылдау **ағымдағы жылдың 26 тамызында қабылдау комиссиясының** ашық отырысында өткізіледі. Қабылдау комиссиясының отырыстары хаттама арқылы рәсімделеді.

15. Қ. Мұңайтпасов ат. ОРРММИК 7-11 сыныптарына оқушыларды қабылдау комиссиясының шешімі негізінде Мекеме директордың бұйрығымен жүзеге асырылады.

16. Қабылдау конкурсын өткізу кезінде басым құқыққа ие болатын келесі оқушылар:

1) Қазақстан Республикасы чемпиондары мен жүлдегерлері, соның ішінде жастар ойындарының, мектеп және колледж оқушылары спартакиадасының, «Азия Ұландары» атты халықаралық ойындарының;

2) «Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері», «Қазақстан Республикасының спорт шебері» спорттық атақтары, «Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне кандидат» спорт разряды бар спортшылар;

3) уәкілетті органдардың осы білім беру ұйымында оқуына қарсылық білдірмейтін туралы келісімі арқылы ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған жетім балалар, сонымен қатар спорттық жетістіктері болуы тиіс;

17. Қ. Мұңайтпасов ат. ОРРММИК әкімшілігі оқушы-спортшыны қабылдау кезінде оның ата-анасын немесе заңды өкілдерін Мекеменің Жарғысымен, білім беру қызметін жүргізу үшін берілген мемлекеттік лицензиясымен, осы Ережесімен, күн тәртібімен, ішкі тәртібі ережесімен, жатақханада тұру ережесімен және оқу – тәрбие, оқу - жаттығу үрдісін ұйымдастыруды реттейтін басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті.